

13	Тілдік сүйемелдеу арқылы қол буынының және сауақтарды еліктеу арқылы әр түрлі қозғалыстарды жасауға үйрету.						
14	Бір бағытты ұстана отырып заттарды штрихтауға үйрету.						Коршова Г Өстеміров К
VI							
15	Р- дыбысының артикуляциясын дұрыс қалыптастыру					Жаттығу қайталау	
16	Р-дыбысын жеке айтуға дағдыландыру, қою кезеңі						
17	Р-дыбысын буында дұрыс айтуға машықтандыру						Жатақбаева Ибагова
18	Р-дыбысты сөзде, сөз тіркестерінде дұрыс айтуға машықтандыру					Жаттығу қайталау	
19	Р-дыбысты ұқсас дыбыстардан ажырата білу						
20	Л- дыбысын жеке айтуға дағдыландыру, қою кезеңі						
21	Л- дыбысын буында дұрыс айтуға машықтандыру						
22	Л- дыбысты сөзде, сөз тіркестерінде дұрыс айтуға машықтандыру						
23	Л-дыбысты ұқсас сөйлемде байланыстырып сөйлегенде дұрыс айтуға машықтандыру						
24	Л-дыбысты ұқсас дыбыстардан ажырату білу					Жаттығуларды қайталау	Көмеқбаева Жолдасова
25	С- дыбысының артикуляциясын дұрыс қалыптастыру						
26	С- дыбысын жеке айтуға дағдыландыру, қою кезеңі						
27	С- дыбысын буында дұрыс айтуға машықтандыру					Буында қайталау	
28	С- дыбысты сөзде, сөз тіркестерінде дұрыс айтуға машықтандыру						
29	С- дыбысын сөйлем ішінде бекіту						
30	С- дыбысын ұқсас дыбыстардан ажырату						Нұрбеқова F
31	Ш- дыбысының артикуляциясын дұрыс қалыптастыру						
32	Ш- дыбысын жеке айтуға дағдыландыру, қою кезеңі						
33	Ш- дыбысын буында дұрыс айтуға машықтандыру					Буында қайталау	Өмірбеқова Нұрбеқова
34	Ш- дыбысты сөзде, сөз тіркестерінде дұрыс айтуға машықтандыру						
35	Ш- дыбысты ұқсас дыбыстардан ажырата білу						

Кеңсахара жалпы орта білім беретін мектебінің
2021-2022 оқу жылы I жарты жылдығында мектепшілік бақылау бойынша
логопедте тізімде тұрған оқушылармен жүргізілген жұмысқа
ЕСЕП

Балаларды бақылау нәтижесінде биылғы оқу жылында мектепшілік логопунктке бақылау жұмыстарының қорытындысы бойынша 6 бала тіркеуге алынды. Оның ішінде 4 бала 1 класс оқушылары, 1 бала 3 сыныптан, 1 бала 8-ші сыныптан. Сонын ішінде Умбеталина Самина ата-анасының көмегімен қосымша логопедке барып жазылып спикоктан шығарылды. Досмағанбет Алидің көп ауырып қалғанына байланысты ата-анасының сұранысымен әзірше логопедке келуі тоқтатылды. Әр балаға жеке жұмыс жоспары құрылып, тіл кемістігі бар балалар тіркеуге алынып, түзету сабақтары жүргізілуде. Түзету сабағы аптасына 2 рет сөйлеу тілінде кемістігі бар балалармен жекелей және топтық сабақтар жүргізіледі. Оқушылардың барлығына жеке даму картасы толтырылған. Әр оқушыға сабақ жоспарлары құрылған. Ата-аналарымен келісімшарт толтырылып, балаларының сабаққа қатысуына келісімдерін берді. Мұғалімдермен және ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс істеймін.

Жүргізілген педагог логопед маманының түзете – дамыту төмендегідей кезеңдермен өтті.

1. Диагностикалық кезең:

1. баланың психо-физиологиялық қалпын үнемі және жан-жақты зерттеу.
2. сөйлеу тілі бұзылыстарының әр түрлі деңгей формаларын зерттеу.
3. таным әрекеттерінің бұзылу белгілерін, деңгейін анықтау.

2. Коррекциялық дамыту кезеңі:

1. баланың даму қалыпын ескере отырып қадамдылық бағытта оқыту процессін жүргізу.
2. түзете – дамыту жұмыстарына ата – аналарды енгізу, тығыз байланыста болу.
3. әр жас кезеңіне сәйкес танымдық әрекеттерін дамыту.
4. баланың сақталған компенсаторлық мүмкіншіліктерін зерттеп, анықтап, ескере отырып «Жеке Дамыту Бағдарламасын» құру.

3. Тәрбиелеу кезеңі:

Баланың отбасындағы, қоғамдық орындардағы мінез-құлқын, жеке тұлғаның қоршаған ортада өзін-өзі ұстауға, жаңа ортаға үйренуіне қажетті жағымды қасиеттерін тәрбиелеу.

Сөйлеу тіліндегі бұзылыстар түрі, құрылымы мен деңгейі:

2– ротацизм

1 бала-ОНР 3

1 бала – тұтықпа.

Баланың сөйлеу тілін бұзылуын әртүрлі жаттығулар арқылы түзету жұмыстары логопедиялық сабақтарда жүргізілді. Логопедиялық түзету

сабақтарының мақсаты: сөйлеу тілі бұзылған бастауыш оқушыларын анықтап, диагностикалық бақылау жүргізу арқылы білім беру және түзету жұмыстарын жүргізу.

Сөйлеу тілі бұзылған балаларға, атап айтқанда логопад балаларға жекелей және топтық сабақ кестелері, сабақ жоспарлары құрылды.

Сөйлеу тілі бұзылған оқушыларға сабақ жоспарлары баланың даму қабілетіне қарай бағытталып құрылды.

Жалпы тілінің дамымауының әртүрлі деңгейіне байланысты құрылған жеке дамыту бағдарламасы бойынша қойылған төмендегідей мақсат-міндеттері:

- сөйлеу тілінің түсінуін қалыптастыру;
- енжар және белсенді сөздік қорларын дамыту;
- белсенді сөйлеу тіліне ынталандыру дамыту;
- байланыстырып сөйлеу тілдерін дамыту, заттық және сюжеттік суреттер бойынша сөздер, сөйлемдер құрауға ынталандыру;

- артикуляциялық аппараттың икемдігін арттыру, қалыптаспаған дыбыстарды қоюға арнайы жаттығулар қатарын үйрету;

- сөйлеу тіліндегі қалыптасқан дыбыстарды толық анықтап, дыбыстарды қою және бекіту жұмыстарын жүргізу;

- сөйлеу тілінің лексикалық–грамматикалық құрылымын дұрыс қалыптастыру;

- фонематикалық қабылдау, есте сақтау, сараптау және талдау анализ синтез жүргізу;

Түзету сабақтарының нәтижесінде, балалар алғашқыға қарағанда берілген тапсырмаларды түсініп орындау, өз бетімен орындау, артикуляциялық жаттығуларды игеріп, сөздік қорларын жаңа сөздерімен толықтыру, кеңейту сияқты жетістіктерге қол жеткізуде.

Ротацизм бұзылыстары бар балалармен келесі жұмыстар жүргізілді: жоғарыда айтылған логопедиялық түзете-дамыту жұмыстары толығымен қамтылып жатыр. Сөйлеу тілінің түсінуін дамытуға арнайы лексикалық тақырыптар алынды «Мектеп құралдары», «Жабайы аңдар» «Қыстайтын құстар», «Жәндіктер», «Тәуелсіздік күні», «Қанша мемлекеттік қор бар?», «Жыл мезгілдері» т.б. Бала тұрмыстық шуларды және жануарлардың дыбыстарын ажыратуға арналған жұмыс жүргізілді. Бет бұлшықеттеріне арналған емдік уқалау жоспарланып, жасалды. Артикуляциялық аппараттың қимыл-қозғалысын дамытуда бала мимикалық, ерінге және тілге арналған жаттығуларды жасап үйренуде. Сонымен бірге дыбыстар қатары аныкталып, оларды қоюға арналған артикуляциялық жаттығулар қатарын игерді. «Р» дыбысын қою барысында тілдің алдыңғы бөлігін альвеолаға тигізу, ажырату жүзеге асады. Кішкене шар тәрізді зондтың орнына мақта таяқшаларын немесе саусағын пайдалануға болады. Алдымен саусақты логопедтің өзі қозғайды, кейін бала өздігінен жасайды. Жаттығу кезінде тілдің тиісті орынға оралуын, тіл мен альвеол арасында тар саңылау болуын бақылап отыру керек. Ақырында тілдің өздігінен тербелуіне альвеолдық Т немесе Д дыбыстарын фрикативтік Р дыбысымен тіркестірдің көмегі көп /др, ддр, тр, ттр/.

Бастапқы тілдің ұшы ғана тербелетін, тербеліс секундына 20 ретке жететін «ұсақ діріл» болып, қалыптастырылды.

Саусақтарының қимыл-қозғалыстарын дамыту мақсатында жаттығулар, ұсақ заттармен жұмыс, қарындашпен жұмыс түрлері кеңінен жүргізілді.



Тұтықпа бұзылыстары бар баламен келесі жұмыстар жүргізілді: Тұтықпасы бар және ринологиялық балалармен көбінесе сабақта тренингтер жүргізіп, рефлексия жасап тұлға туралы жалпы түсінік берілді, «Мен кімін?» деген тақырыпта шығарма жазылды. Тұтықпасы бар балалармен сабақ барысында дұрыс тыныс алу, дем алу жаттығулары жасалды. Бетке массаж, артикуляциялық жаттығулар, мотивация берілді. Мысалы, «Көбелек ұшыру», «Мақта ұшыру», «Кеме», «Ат қалай шабады» ойыны, артикуляциялық жаттығулар жүргізілді.

Түзету коррекциялық сабақтың барысында оқушылар дұрыс тыныс алуға, сөздің грамматикалық құрлымын түсінуге, сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыруға (ЖТК бар бала) үйренді. Ал тұтықпасы бар оқушылардың сөйлеу кезіндегі тұтығулары бәсеңдеген, тек қобалжыса, асықса ғана тұтығып қалады.

ОНР 3 бұзылысы бар баламен келесі жұмыстар жүргізілді: 2 және оданда көп сөздерден тұратын сөздерді оқып, жазып сөздік қорын кенейттік. Есте сақтауға арналған көптеген жаттығулар жүргізілді. Артикуляциялық жаттығулар жасалды.



Бірінші жарты жылдық бойынша логопункте тіркелген, логопад балалардың жалпы саны-6, олардың ішінде сөйлеу тілі түзетілген логопедтің көмегін қажет етпейтін оқушылар саны – 1, ал сөйлеу тілі бастапқыға қарағанда жақсарған бірақ әлі де логопедтің қадағалауын қажет ететін балалар саны - 5. Ал тізімде тұрған қалған оқушылармен түзету сабақтары келесі II жарты жылдықта жалғастырылады.

Мұғалім - логопед:

А.Ж.Казиханова